Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Ғылыми кеңесінің
2025 жылғы 30 маусымдағы

ҚАУЛЫСЫ

Академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесі – проректор **Галеева Алина Кулбайқызының** «2024-2025 оқу жылындағы жазғы емтихан сессиясының қорытындысы туралы»; Стратегиялық даму орталығының директоры **Василина Гулзира Кажмуратовнаның** «2024-2025 оқу жылындағы индикатив көрсеткіштерінің орындалуы және QS WUR рейтинг қорытындысы туралы» баяндамаларын тыңдап, талқылай келе, Ғылыми кеңес

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесі – проректор Галеева Алина Кулбайқызының; Стратегиялық даму орталығының директоры Василина Гулзира Кажмуратовнаның баяндамалары назарға алынсын.

- «2024-2025 оқу жылындағы жазғы емтихан сессиясының қорытындысы туралы» баяндамасы бойынша:

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	Академиялық тәуекелдерді болжау және алдын алу үшін GPA, сабаққа қатысу және студенттердің цифрлық ізі негізінде болжамдық аналитика мен ерте ескерту алгоритмдері (Early Alert Systems) енгізілсін; • Дербес оқытуға, бағалаудың икемді формаларына және студенттердің цифрлық ізіне баса назар аудара отырып, академиялық саясат жетілдірілсін; • Прогрессті бақылау және басқару шешімдерін қабылдау үшін бірыңғай цифрлық студент профилдері (Academic Performance Dashboard) жасалсын.	Б.Қ. Рахымбекова, Ғ.Т. Сариев	01.11.2025
2	Пәнаралық және тәжірибеге бағытталған зерттеулерге, оның ішінде жасанды интеллект, тұрақты даму және цифрлық экономика саласындағы жобаларға назар аудара отырып, бітіру жұмыстарының тақырыптары қайта қаралсын.	Қ.Т. Тастамбек	31.08.2025
3	Емтихан кезінде қалыптан тыс мінез-құлықты тану үшін ЖИ қолданатын зияткерлік бақылау жүйелері енгізілсін, емтихан үдерісінің ақпараттық қауіпсіздігінің ашықтығын қамтамасыз ету шаралары күшейтілсін.	Т.Х. Антаев, Ғ.Т. Сариев	01.11.2025
4	• Оқу аналитикасын пайдалана отырып, сессияның академиялық нәтижелерін талдау және анықталған міндеттерге	Факультет деканды мен	31.08.2025

	бағдарламаларды бейімдеу бойынша ұсыныстар енгізілсін; • Құзыреттерді тестілеуге бағытталған жобалық, ситуациялық әдістерді енгізу арқылы аралық және қорытынды бағалау форматтары жаңартылсын.	кафедра меңгерушілері	

- «2024-2025 оқу жылындағы индикатив көрсеткіштерінің орындалуы және QS WUR рейтинг қорытындысы туралы» баяндамасы бойынша:

5	Университетті халықаралық рейтингтерде ілгерілету бойынша стратегиялық мақсат-міндеттер белгіленсін.	Проректорлар	01.08.2025
6	Индикативті жоспарды орындау нәтижелері және QS WUR және THE IR рейтингтері кафедра мен факультет Ғылыми кеңесі отырыстарында талқылансын.	Факультет деканлары мен кафедра меңгерушілері	үнемі
7	Халықаралық рейтингтердегі ғылым өлшемі көрсеткіштерін жақсарту және университетті THE, QS халықаралық рейтингтерінде ілгерілету бойынша жол карталары әзірленіп, олардың орындалуына тұрақты мониторинг жүргізілсін.	Проректорлар, Қ.Т. Тастамбек Г.К. Василина	01.08.2025
8	Университеттің бюджеттен тыс қаражатын пайдалана отырып, 2024-2025 оқу жылындағы рейтинг нәтижелері бойынша оқытушы-профессорлар құрамына, кафедра меңгерушілері, декан орынбасарлары және деканларға біржолғы үстемеақы түрінде материалдық ынталандыру қамтамасыз етілсін.	А.Ж. Макашова	01.08.2025
9	Оқытушылардың, кафедра меңгерушілерінің және декандардың бос лауазымдарына орналасуға конкурс өткізу кезінде рейтинг және KPI нәтижелері ескерілсін.	Конкурстық комиссия	01.08.2025
10	2025-2026 оқу жылына арналған университеттің индикативті жоспарының көрсеткіштерін халықаралық және ұлттық рейтингтердің жаңартылған әдістемелерін ескере отырып, кафедра мен факультет деңгейінде жоспарланған міндеттер қайта қарастырылсын.	Г.К. Василина, факультет деканлары мен кафедра меңгерушілері	01.10.2025

Ғылыми кеңес төрағасы **Ж.Қ. Түймебаев**

Ғалым хатшы **М.Қ. Мәмбетова**